

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

«ЗЕРДЕ» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ»

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

«Зерде» көпсалалы колледжі) (бұрынғы Шымкент гуманитарлық техникалық колледжі) 2014 жылдың наурыз айының 12-15 күндер аралығында, Мемлекет және қоғам қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан және КСРО ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірнеше мәрте депутаты және Одақ көлеміндегі көптеген ғылыми комиссиялардың мүшесі **Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың** 115-жылдығына арналған **«Ұлттық экономиканы қалыптастыру мен дамытуда мемлекеттің индустриалды-инновациялық жоспарын қолдану жолдары»** тақырыбында мектеп, колледж оқушылары және университет студенттері мен магистранттары және ғалымдардың І-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізеді.

Конференция мақсаты:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН нәсихаттау;
2. 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болған, 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында ұйымдастырылатын Халықаралық **Экспо 2017** — көрме беделін көтеру;
3. Ел, халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан – ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне бір үлгі - өнеге болатын абзал, геология-минерология ғылымының докторы, профессор **Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың** еңбектерін халыққа жеткізу.

Конференцияның мәдени бағдарламасында—концерттер, мұражайға саяхат, қала галереялары мен Түркістан қаласының тарихи жерлерімен таныстыру және инновациялық жобалар көрмесі мен «Энергияны үнемде» тақырыбында байқау өткізіледі.

Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жүргізіледі:

1. Тау кең-металлургиялық саласының көкейкесті мәселелері;
2. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылым рөлі және көптілдік инновациялық процестерді дамыту;
3. Білім, ғылым және техникада, ақпараттық - инновациялық технологияларды тиімді пайдалану жолдары;
4. «Жасыл» экономиканың бәсекелес артықшылықтары мен инновациялылығы;
5. Экологияның, биологияның және биотехнологияның теориялық және қолданбалы аспектілері;
6. ҚР құқықтық мемлекетті қалыптастырудың өзекті мәселелері;
7. Жаратылыстану пәндерін оқытудың инновациялық технологиялары;
8. Құрылыс және архитектура инновациясы;
9. Машина жасау, транспорт және материал тану саласында инновациялық дамуы;
10. Халықтың денсаулығын сақтау және нығайту аспектілері;

Конференция шеңберінде **«Үлгілі ғылыми мақала»**, **«Жоғары дәрежедегі инновациялық мақала»**, **«Сапалы инновациялық шешім»** номинациялары бойынша марапаттаулар жүргізіліп белсенді қатысқандарға **сертификаттар** беріледі.

Конференцияға онлайн-режимінде қатысуға болады.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне тіркеу формасы, баяндама мәтіні баспа түрінде, электронды поштамен және түбіртек көшірмесі 2014 жылдың 10 наурызға дейін жіберілуі тиіс. Баяндама материалдарын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беруге болады.

Ұйымдастырушылық жарнаның соммасы:

ҚИПХДУ және «Зерде» көпсалалы колледжі (бұрынғы ШГТК) қызметкерлеріне - 2000 теңге, басқа колледждерден келгендерге - 2500 теңге, басқа жоғары оқу орындарынан - 3000 теңге, шетелдік азаматтар үшін - 4000 теңге.

Төлемдерді қабылдау түрлері:

1. СТТН\РНН582100006247, БСН\БИН 000240005582, БСК\БИК CASPKZKA, ИЖК\ИИК KZ797722S00000016310, «KASPI BANK» АҚ филиалы АО «KASPI BANK»
2. Мамараимов Мухидин Ташбулатович/Mamraimov Mukhidin жеке карточкасы VISA ELEKTRON №: 4405 6452 2853 2284 аудару;
3. Western Union, Золотая Корона жүйелерімен Мамараимов Мухидин Ташбулатович атына аудару: жеке куәлік №008309269, берілген күні 16.06.1998ж.

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы Айтпаева Ақпобе

Мекен-жайымыз:

160011, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Жангельдин көшесі, 13.

Байланыс телефондары: 31-04-25; ұялы сымтетік:8702-460-68-33, 8771-698-27-60, Факс: 56-27-78; Электронды пошта: college_zerde@mail.ru, Сайт: <http://shgtk.csrae.ru>,

Тіркеу формасы:

	Баяндамашының тегі, аты-жөні (толығымен)	
	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
	Мекемесі, лауазымы	
	Мекен – жайы (индексі көрсетілуі міндетті)	
	Телефон, факс (халықаралық байланыс кодымен)	
	E-mail	
	Баяндаманың тақырыбы	
	Қатысу түрі	
	Секцияның атауы	
	Керекті техникалық құралдар	
	Қонақ үй орындарын брондау қажеттігі (иә, жоқ)	
	Номинация:	
	Сертификат қажетпа?	

Баяндама мәтініне қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні (суреттер мен сызбаларды қоса А 4 форматында 5-беттен аспайтын) Microsoft Word редакторының мәтінінде терілуі қажет. (символ өлшемі-12, жоларалық интервал - 1, сол жағы – 30 мм, қалған жақтары - көлденеңінен түзетіліп 20 мм, жаңа жол бойынша шегініс- 1 см) қолданылады.

Материал төмендегідей тәртіппен орналасады: бірінші жолда – бас әріптермен баяндама тақырыбы (қою шрифтпен) беріледі, бір жол төмен - автордың инициалы және тегі, бір жол төмен – мекеме, қала және ел атауы. Жаңа жолдан баяндаманың негізгі мәтіні басылады. Әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір шегіністен кейін беріледі.

Баяндаманың мәтіні және өтініш электронды нұсқада флешкада немесе электрондық поштамен ұсынылады (файлдың атауы бірінші автордың фамилиясымен сай келуі қажет, баяндама мен өтініш бір файлда беріледі). Баяндама авторларының саны 3 адамнан аспауы тиіс. Баяндама мәтіні түзетілмейді және түпнұсқа болып саналады. Конференция еңбектерінің жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен немесе талаптарға сай келмейтін материалдар жарияланбайды, қаралмайды және қайтарылмайды. **Сондықтан Сіздерден жоғарыда көрсетілген талаптарға сай дұрыс терілген материалдарды жіберу қажеттігіне назар аудару сұранамыз.**

Баяндаманы дайындау үлгісі:

ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ (12пт.)

М.Ұ. Садықов (12 пт.)

КИПХДУ, Шымкент қ., Қазақстан (10 пт.)

Баяндаманың негізгі мәтіні (12 пт.)

Резюме

Summary

Әдебиеттер (11 пт.)